

алынған, одан «тартып» алынған нәрселердің орнын толтыру, өтемін қайтару керек болады. Оның ақысын төлемей кету мүмкін емес [7].

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

1. https://bilim-all.kz/olen/10825-Gor_kiimen-kezdesu
2. Асқарова Ұ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Алматы, 2004 – 106 с
3. Бродский А. К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. Алматы: «Ғылым», 1998 - 176 б
4. Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. Экология. Алматы: «Экономика», 2002.
5. Жатқанбаев Ж. Ж. Экология негіздері. Алматы, 2003.
6. Мамыров Н. Қ., Тонкопий М. С., Үпішев Е. М. Табиғатты пайдалану экономикасы». Алматы, 2005 .
7. Молдахметов З. М., Ғазалиев А. М., Фазылов С. Д. Экология негіздері. Қарағанды : ҚРУ, 2002. - 255 б

ӘОЖ 91.001

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР ҮСТІ ЖӘНЕ ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫ ҚОРИНЫҢ АЗАЮЫ, ОЛАРДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН АЛДЫҢ АЛУ ШАРАЛАРЫ

Нурғазина А.С¹, Әмешов А.А²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, оқытушы, магистр

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, студент

Аннотация. Бұл мақалада күнделікті су көздерінің қандай бағытта пайдаланылып жатырғаны, су ресурстарын пайдалану кезіндегі тиімсіз жұмыстары жазылды. Ақтөбе облысы аумағындағы өзендердің өңірдің экономикасы мен халық шаруашылығына пайдалану кезіндегі кейбір қолайсыздықтар да қозғалды.

Кілт сөздер. Облыс аумағыннан өтетін су ресурстарын пайдалану, жарамды мақсатта қолдану жолдары.

Су - тіршілік көзі, өмірдің мәні. Алайда осы суды тиімсіз әрі ысырапты пайдаланып жатқанымыз қаншама. Адам ағзасының 90 пайызы судан тұрады. Адамдар күніне орта есеппен 2 немесе 3 литр су ішсе, пайдасына 100 литр суды пайдаланса әлемде су проблемасы болмас еді. Мысалы әр адам жуыну кезінде суды ашып қойса әлем бойынша 7 млрд литр су ысырап болады.

Суды өз елімізде қалай пайдаға асырып жатырғанымызды сараласам. Біздің елде ыдыс жуу, кір жуу, ішу мен т.б шаруаларға орташа мөлшерде 200 литрден астам су жұмсалады. Суды есепсіз және көп пайдаланатын нысандардың бірі-автокөлік жуу базалары. Қазақстанға автокөлік жуу жаңалығы 2005 жылдан бастап келді ал осы жуу орталықтарының базасы елімізде көбеюде. Автокөлік жуу орталықтарында орта мөлшерде күніне бір көлік жуу үшін 80-100 литр су, ал біркүндік көліктер үшін су өте көп кететіні белгілі. Ал бұл су қазіргі кезде кедейлікпен және құрғақшылықты бастан кешіп жатқан Африка елдері үшін қол жетпес сағым болып отыр. Менің ойымша әлемдік және бастысы өз еліміздегі су проблемасын шешу үшін өзендеріміз бен т.б су көздерін тұщыландырып механика көмегімен тазартып отырсақ ауыз су мәселесі де шешілер еді. Өзендеріміз де керексіз болып ағып кетпес еді, алайда бұл мәселені шешу әліде дұрыс жолға қойылар емес.

«Ағын су жолын табады,

Ақ адам оңын табады»-демекші ішсе су болып жатырған ағын суларымыздың пайдасыз болып, тартылып жатқаны ұшаң- теңіз.

Ағынымен арыстандай тулаған өзендеріміз бен жер асты суларымыздың көз алдымызда бетін қарттық басқандай тартылып, керексіз болып жатқаны көңіл қынжылтады. Ал біз мұның алдын қалай аламыз?-осы сұрақ төңірегінде Ақтөбе облысының су ресурстары проблемасы жайында өз ойымды білдірсем:

Біріншіден, Өңірдегі Елек, Ырғыз, Жем, Ойыл, т.б өзендердің тартылып-ел өнеркәсібіне, халық игілігіне өз пайдасын бере алмауы-басқа қалаларда, мысалы, Ырғыз өзенінің Ақтөбе облысының емес Қостанай облысының ауылшаруашылығына тартылуы, Елек өзенінің Ресей жеріне барып тікелей құюы, яғни өзеннің Ақтөбе облысы игілігіне емес көрші елдің өнеркәсібі мен басқа да жұмыстарына қолданылуы, Жем өзені қазіргі кезде тартылу яғни құрғақшылықты басынан кешуде оған себеп-өзен суының маңында бой көтерген Қытай елінің мұнай зауыттарына құбырмен тартылуы және өзен жағалауына қоқыс пен пластикалық заттардың шектен тыс тасталуы және Ойыл өзенінің түрлі фактілер бойынша ластануы, еріген қар суларының өз арнасымен өтпей халыққа залалының тиюі-осы себептердің барлығы Ақтөбе облысына тиесілі өзен-су көздерінің пайдасыз ете алады.

Шығынды суды қалай ійгі істерге пайдалана аламыз?

Су көздері яғни өзендер мен жерасты сулары қорының азаюының алдын алу шараларын қалай орындау керек?-осы сұрақтарға жіктей жауап беріп өтсем.

Шығынды су көздеріне басқа елге немесе Қазақстанның Ақтөбе облысымен шекаралас қалаларына ағып өтетін өзендер жатады. Мысалы, Ырғыз өзені Қостанай облысы астықты өңір болғандықтан сол өңірдің ауыл шаруашылығына келісімсіз арналар қазылу арқылы қолданылып жатыр. Осы су көзінің Ақтөбе қаласы мен Ырғыз ауданы арқылы ағып өтетін бөліктерін тиімді пайдалану керек. Ол үшін арнайы өзен бойынан арналар қазып, қала мен ауданды көріктендіру үшін су бұрқақтар мен су қоймаларын жасап балық өсірумен және ұрықтандыру бағытымен жұмыстар атқарылса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Су ресурстарын қолдану облыс аумағында кең ауқымда алға қойылған. Су ресурстарын Ақтөбе облысының өнеркәсібіне тиімді түрде яғни халық пен облыс климатына залалы тимейтіндей әдіспен пайдалану, тоғандар мен су қоймаларында дер уақытында пайдаға асыру жұмыстары өз реті мен уақытымен атқарылса облыс пен өңірлерде су проблемасы болмас еді.

Жер асты суларын тиімді қолдану үшін жерастынан шыққан суларды арнайы сүзгілер мен механика көмегімен тазартып ел мен өңірдегі тұрғын су яғни ауыз су мәселесінде шешуге болар еді.

Су ресурстарынан төнетін қауіптің алдын алу шараларын ұйымдастыру үшін өзендер мен еріген қар суларының өз арнасымен ағуын алабын кеңейтіп қазып, елге қауіпсіз төнбейтіндей облыс аумағындағы көлдерге арналар арқылы құйюын қадағалау керек.

Осы жөнінде облыс басшылығындағы шенділер мен Ақтөбе облысы су ресурстары бөлімінің басшылары бұл мәселесінің өз шешімін табатына сенім білдірген, алайда бұл жағдаяттардың дұрыс орындалмай жатқаны көз алдымызда жүріп жатыр.

Қорытындылай келсем, Ақтөбе облысының ішкі және трансшекаралық өзендерін, көлдері мен жерасты суларын өңірдің өз игілігімен халық пайдасына көмектесуі басты назарда болса, Ақтөбе облысы мен еліміздің өзге де аймақтарын су басу мен судан келетін табиғи апаттардан арашалауымыз әлдеқайда жеңіл болар еді.

Бастысы еліміз айтып келмейтін табиғи апаттармен су басу қауіптерінен аман, халқымыз тыныш тек елде бейбітшілік пен береке болғай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Голуб А.А., Струкова Е.Б. Экономика природных ресурсов. – М.1999 2.
2. Ибраев, Т. Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы трансшекаралық өзендер суының сапасы